

«15» 03 2024 ж.
№ 52 бұйрыққа
1-қосымша

**«Менің әдістемелік қоржыным»
қалалық конкурсын өткізу
ЕРЕЖЕСІ**

I. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕ

1. «Менің әдістемелік қоржыным» конкурсының (бұдан әрі – конкурс) ережесі конкурстың мақсаттары мен міндеттерін, оны ұйымдастыру және өткізу тәртібін айқындап, конкурсқа ұсынылатын материалдарға қойылатын талаптарды, оларды бағалау өлшемдерін, жеңімпаздарды анықтап, марапаттау тәртібін белгілейді.

2. Ұйымдастырушы: «Әдістемелік орталығы» МКҚК, қалалық қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің Педагогтер қауымдастығы.

3. Қатысушылар: орта білім беретін мектептердің еңбек өтілі 20 жылдан кем емес қазақ тілі мен әдебиеті пәні (Т1) мұғалімдері қатыса алады.

4. Өтетін уақыты: 2024 жылдың 8, 15 сәуір күндері.

II. КОНКУРСТЫҢ МАҚСАТЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ

Мақсаты: педагогтердің шығармашылық әлеуетін жүзеге асыру, кәсіби өсуіне ықпал жасау, білім беру үдерісін оқу-әдістемелік қамтамасыз ету бойынша педагог қызметкерлердің шығармашылық бастамаларына қолдау көрсету.

Міндеттері:

- педагогтердің қызметіндегі инновациялық процестердің сапасын арттыру;
- педагогтердің психологиялық-педагогикалық және әдістемелік құзыреттілігін дамыту;
- заманауи ақпараттық технологияларды қолдану деңгейін жетілдіру;
- педагогтердің үздік тәжірибелік қызметін жалпылау және тарату;
- озық тәжірибенің ақпараттық әдістемелік деректер банкіні толықтыру;
- үлгілік оқу бағдарламасындағы оқу мақсаттарына қол жеткізуі мен критериялды бағалау жүйесін түсініп қолдана білуі мен қажетті дағдыларды қалыптастыруын анықтау және тәжірибесін тарату.

III. КОНКУРСТЫ ҰЙЫМДАСТЫРУ

1. Конкурс ұйымдастыру және өткізіп, қорытындысын шығару үшін байқаудың комиссия мүшелері құрылады.

2. Конкурсның комиссия мүшелері орталық басшысының бұйрығымен бекітіледі.

3. Комиссия құрамы білім беруді басқару органдарының қызметкерлерінен, тәжірибелі педагогтерден, педагогикалық шеберлік

кәсіби байқауларының жеңімпаздарынан, әдістемелік қызмет, қалалық Педагогтер қауымдастығының мүшелерінен, біліктілікті арттыру институттарының қызметкерлерінен құрылады.

4. Конкурсты өткізу туралы хабарландыруды ұйымдастырушылар екі апта бұрын орталықтың интернет-ресурстарында орналастырады.

5. Қалалық комиссия құрамы байқаудың екі кезеңін бағалайды, екі кезең бойынша қорытынды шығарып, жеңімпаздар туралы шешім қабылдап, жеңімпаздарды марапаттауды жүзеге асырады.

6. Комиссия мүшелерінің дауыстары тең болған жағдайда, комиссия төрағасының дауысы шешуші болып табылады.

IV. КОНКУРСТЫ ӨТКІЗУ ТӘРТІБІ

1. Конкурсқа қатысу үшін 2024 жылдың 1 сәуірге дейін shkolny_otdel_208@mail.ru электронды поштасына Ереженің 1-қосымшасына сәйкес байқауға қатысу үшін Өтінім (мектеп басшысымен бекітілген және тізім жасау үшін Word құжат түріндегі бекітілмеген түрі) жіберуі қажет.

2. Конкурстың кезеңдері. Конкурс екі кезеңнен тұрады.

I кезең. «Қысқа мерзімді жоспарды жүйелі құрастыру – табысты оқытудың кілті» кезеңінде қатысушы «Қазақ тілі» және «Қазақ әдебиеті» пәнінен қолданыстағы үлгілік оқу бағдарламасындағы оқу мақсаттарына сай қысқа мерзімді сабақ жоспарын (№130 бұйрыққа сай) құрып, 8 сәуірге дейін shkolny_otdel_208@mail.ru электронды поштасына жіберу керек. Жұмыс Word құжат түрінде жіберіледі. Қатысушы комиссия мүшелері ұсынған оқу мақсаттарына сай екі қысқа мерзімді сабақ жоспарын өткізуі қажет.

Қысқа мерзімді сабақ жоспарын бағалау критерийлері:

- оқу мақсаттары оқу бағдарламасына сәйкес келеді;
- сабақтың мақсаты оқу мақсаттарына сәйкес келеді;
- сабақтың мақсаттары ақыл-ой дағдыларын дамыту деңгейіне сәйкес SMART форматында тұжырымдалған;
- оқу мақсаттарына қол жеткізуге ықпал етеді;
- барлық білім алушыларды оқу процесіне тартуға ықпал етеді;
- оқушылардың жеке немесе ерекше білім беру қажеттіліктеріне сәйкес оқытуды қолдайды;
- оқу мақсатына қол жеткізу бағалау критерийлеріне және ойлау дағдыларының деңгейіне сәйкес келеді;
- функционалдық сауаттылықты дамытуға ықпал етеді;
- тәжірибенің жаңашылдығы;
- күтілетін нәтижесінің айқындығы.

II кезең. Қатысушы «Оқу сауаттылығы — сапалы білім негізі» кезеңі бойынша комиссия мүшелері ұсынған «Қазақ тілі» және «Қазақ әдебиеті» пәндерінен бөлім тақырыптарына байланысты 10 тапсырмадан тұратын 2 нұсқа оқу сауаттылығы тапсырмаларын құрастырып, 15 сәуірге дейін shkolny_otdel_208@mail.ru эл.поштасына жібереді.

Оқу сауаттылығы тапсырмаларын бағалау критерийлері:

- оқушылардың оқу сауаттылығын қалыптастыру үшін мәтін таңдай біледі;
- оқушы құзырлылығын бағалаудың формативті және суммативті стратегияларын сақтайды;
- оқу сауаттылығын дамытуға арналған белсенді стратегияларды қолданады;
- оқу сауаттылығы тапсырмаларын оқушылардың шығармашылық ізденістерін дамытуға негіздейді;
- тапсырмалар оқу мақсатына сәйкес келеді;
- мәтіндер жас ерекшелігіне негізделген.

3. Конкурса қатысушыға қойылатын талаптар:

3.1. Материалды ұсына отырып, қатысушы келісімін береді:

Өз жұмысын жібере отырып автор жұмысын автоматты түрде тегін пайдалануға, көпшілікке таратуға, интернетте орналастыруға, шығармашылық жобаларға қосуға, БАҚ-та жариялауға, өңдеуге құқығын береді. Қойылған талаптарды бұза отырып орындалған, кешіктірілген өтінім қабылданбайды. Байқауға берілген жұмыстар қайтарылмайды, рецензияланбайды. Жұмыстар антиплагиатқа тексеріледі.

3.2. Қатысушы өзі туралы мәліметті қолдануға келісімін береді:

- өзі туралы жеке мәліметтерін (тегі, аты, әкесінің аты, электрондық пошта мекенжайлары, суреті (фотосуреттері) және басқа да жеке мәліметтер) пайдалануға және өңдеуге;
- өз атын, тегін, әкесінің атын және суреттерді (фотосуреттерді) сайтқа, сондай-ақ You Tube, Facebook-ті қоса алғанда, баспа басылымдарында, Интернет-БАҚ-та және өзге де бұқаралық ақпарат құралдарында орналастыруға.

V. КОНКУРС БАЙҚАУ ҚОРЫТЫНДЫСЫ

1. Конкурстың қорытындысы конкурс өткеннен кейін 1 айдың ішінде орталық сайтына жарияланады.

2. Қалалық комиссия мүшелері байқаудың екі кезеңінің қорытындысы бойынша жеңімпазды («бас жүлде»), жүлдегерлерді (1, 2, 3 орын) анықтайды.

3. Конкурс нәтижесі бойынша бас жүлде, 1, 2, 3 дәрежелі Дипломымен марапатталады және қатысушыларға қатысқандығы туралы Сертификат беріледі. Марапаттау рәсімі қосымша хабарланады.

Анықтама телефоны: +7 7754497385, +7 7016482855, +7 7751178221

1-қосымша

**«Менің әдістемелік қоржыным»
қалалық конкурсына қатысуға
ӨТІНІМ**

Мені конкурсқа қатысуға жіберуіңізді сұраймын.
Өзім туралы мына мәліметтерді хабарлаймын:

1	Т.А.Ә. (толық)	
2	Санаты	
3	Еңбек өтілі	
4	Лауазымы	
5	Білім беру ұйымының атауы, электронды мекенжайы	
6	Байланыс телефоны	